

## **Телекоммуникациялық қызметтерді (IVR немесе дауыстық сервистер) көрсету туралы Жария шарт (қосылу шарты)**

Осы Телекоммуникациялық қызметтерді (IVR немесе дауыстық сервистер) ұсыну туралы Жария шарт (бұдан былай – Шарт) бұдан былай «Оператор» деп аталатын «Кселл» акционерлік қоғамының бұдан былай «Клиент» деп аталатын, осы Шарт талаптарына қосылған тұлғаға IVR сервистерін немесе дауыстық сервистерді көрсету үшін сандық сәйкестендіргіштер негізінде телекоммуникациялық қызметтер көрсету талаптарын белгілейді. Клиент пен Оператор Шарт бойынша бірге алғанда – «Тараптар», ал жеке алғанда «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей аталады.

### **1. Анықтамалар**

1.1. Осы Шартта және/немесе оның қосымшаларында/қосымша келісімдерде осы Шартты қолдануға қатысты қарым-қатынастар үшін келесі терминдер, егер мәнмәтінде басқаша мағынасы болмаса, осы бөлімде анықталған мағынаға ие болады:

1.2. **«Сервис»** – Техникалық шешімді пайдалана отырып, Оператордың байланыс желісі арқылы Клиенттің қызметіне қолжеткізуге Оператордың рұқсат беруі арқылы Клиенттің Пайдаланушыларға көрсететін қызметтері

1.3. **«Контент»** – Сервистің мазмұнды бөлігі. Контентті Клиенттен Пайдаланушыға беру үшін тасымалдау құралы ретінде IVR технологиясы немесе дауыстық сервистер қолданылады.

1.4. **«Техникалық шешім»** – Оператордың байланыс желісі арқылы Пайдаланушылардың Сервиске қол жеткізуі мақсатында техникалық қосылысты қамтамасыз ететін, Оператор әзірлеп, жұмысын қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар кешені. Пайдаланушы Техникалық шешіммен үйлесімді абоненттік құрылғылардың көмегімен Сервиске қол жеткізе алады.

Телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну үшін техникалық шешім келесі құрамдас бөлшектерді қамтуы мүмкін:

а) Клиентті Оператор Сәйкестендіргіштеріне қосу;

б) Оператордың Сәйкестендіргіштері арқылы немесе Тараптар өзара келіскен басқа амалдармен Пайдаланушылардың Клиент Сервистеріне қол жеткізулеріне арналған техникалық қосылысты ұсыну;

в) Тараптардың келісімі бойынша тағы басқа

1.5. **«Сәйкестендіргіш»** – бірнеше сандардың жиынтығымен анықталатын және Пайдаланушыларға Клиенттің Сервисін көрсету үшін қолданылатын Оператордың Нөмір сыйымдылығының нөмірі.

1.6. **«Нөмір сыйымдылығы»** – Оператор қызмет көрсету үшін қолданатын нөмірлік ресурс.

1.7. **«Пайдаланушы»** – Техникалық шешіммен үйлесімді және Сервисті пайдалану мүмкіндігін қолдайтын абоненттік құрылғымен байланыс желісінің абоненті болып табылатын жеке немесе заңды тұлға.

1.8. **«Есептік кезең»** – Клиентке Телекоммуникациялық қызметтер көрсетілген бір күнтізбелік ай.

1.9. **«Телекоммуникациялық қызметтер»** – Оператордың (осы Шартқа қолданылатын) осы Шарттың аясында Сәйкестендіргішті ұсыну және Пайдаланушылардың Клиент Сервисіне қол жеткізулері үшін техникалық қосылысты қамтамасыз ету қызметтері

### **2. Шарттың мәні.**

2.1. Осы Шартқа сәйкес Оператор осы Шартта көзделген тізім мен шарттарға сәйкес Оператордың Техникалық шешімі арқылы Клиентке Телекоммуникациялық қызметтерді ұсынады

2.2. Клиент осы Шартқа сәйкес ұсынылған Телекоммуникациялық қызметтерді қабылдап, төлейді.

2.3. Телекоммуникациялық қызметтерді ұсыну құнын Оператор дербес айқындайды және ол

Оператордың <https://b2b.kcell.kz/ru/article/freephone> сайтында орналастырылған.

2.4. Оператормен жазбаша келісімсіз Клиенттің Оператордан алатын Телекоммуникациялық қызметтер мен Сәйкестендіргішті өз атынан да, Оператордың атынан да үшінші тұлғаларға беру құқығы жоқ.

2.5. Осы шарт Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қосылу шарты болып табылады. Осы Шарттың талаптарын Оператор дербес белгілейді және Клиент оны тұтастай осы Шартқа қосылу жолымен ғана қабылдайды.

2.6. Осы Шарт Клиенттің Тіркеу парағына қол қойған сәттен бастап күшіне енеді. Клиенттің тиісті Тіркеу парағына қол қоюы оның осы Шарт талаптарымен сөзсіз келісуін және оған тұтастай қосылуын білдіреді.

2.7. Осы Шарт барлық Клиенттерге таралады және бұрын Клиентпен жасалған Телекоммуникациялық қызметтерін көрсету Шартының орнын ауыстырады. Осы Шарттың алғаш жарияланған сәтінен бастап Клиенттерге Қызмет көрсету шарттары осы Шарт талаптарына сәйкес анықталады. Бұл ретте тұра Тіркеу парағына қол қою талап етілмейді. Шарт талаптарымен келіспеген жағдайда Клиент осы Шарттың бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күнінен бастап 30 күн ішінде Операторға жазбаша түрде Шарт талаптарына қосылудан бас тартатыны туралы хабарлауға құқылы. Көрсетілген мерзімде Операторға Клиенттің Шарт талаптарына қосылудан бас тартуы туралы Өтінішінің түспегені, сондай-ақ Клиенттің конклюденттік әрекеттерді жүргізуі (Телекоммуникациялық қызметтерді пайдалануы) Клиенттің Шарт талаптарын толық қабылдайтынын және осы Шартқа толықтай қосылатынын білдіреді.

### **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.**

#### **3.1. Оператордың құқықтары мен міндеттері:**

3.1.1. Оператор Клиентке осы Шартқа сәйкес Техникалық шешімге қолжеткізім ұсынуға міндетті. Оператор Клиенттің өтінімі бойынша өтінім берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Клиентке электрондық пошта бойынша Клиенттің жабдығын Техникалық шешімге қосудың техникалық шарттарын ұсынуға міндетті. Сәйкестендіргіштерді қосу немесе оларды ұсыну шарттарын өзгерту Клиенттің өтінімінің негізінде 30 (отыз) күнтізбелік күннің ішінде, тиісті айдың 1- немесе 15-жұлдызында жүргізіледі. Оператор Сәйкестендіргіштерді қосудың немесе басқа байланыс операторларының желілерінде оларды ұсыну шарттарын өзгертудің ықтимал кешігуі үшін жауапты болмайды.

3.1.2. Оператор осы Шартта көзделген жағдайлардан басқа, аптасына 7 күн тәулік бойы 24 сағат Техникалық шешімнің жұмысын қамтамасыз етуге міндетті. Оператор Техникалық шешімнің жұмысқа қабілеттілігіндегі ықтимал ақауларына немесе кідірістері үшін жауапты болмайды.

3.1.3. Оператор осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Клиентке Телекоммуникациялық қызметтерді уақтылы, сапалы және үздіксіз көрсетуді қамтамасыз етуге міндеттенеді.

3.1.4. Оператор өз қалауы бойынша Техникалық шешімнің сипаттамасын өзгертуге құқылы. Оператор Техникалық шешімге жоспарланатын кез келген өзгерістер туралы Клиентке 10 (он) жұмыс күні бұрын хабарлауға міндетті.

3.1.5. Оператордың желісіндегі техникалық кідірістер, байланыс желілерінде апаттар, Клиенттің жабдығы істен шыққан, Оператордың байланыс желісіне қате қосылған жағдайларда, егер Клиенттің тиісті бағдарламалық жасақтамасы Оператордың желісінің жұмысына кедергі туындатса, сонымен бірге тағы басқа жағдайларда, техникалық кідірістердің алдын алу және жою мақсатында Оператор шұғыл тәртіпте және алдын ала хабарлаусыз Клиентті Техникалық шешімнен ажырату немесе Техникалық шешімге өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады. Мұндай жағдайда Оператор ажыратқаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиентке ажырату себептері туралы электрондық пошта арқылы жазбаша хабарлауға міндетті.

3.1.6. Оператор заңды және басқа да сипаттағы негізделген себептер бойынша Клиентке қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы: үшінші тұлғалардың әрекеттерінің салдарынан қызметті ұсына алмау, мемлекеттік органдардың актілері, мемлекеттік органдардың тыйым салу әрекеттері, Сервисті ұсынғанда, Клиенттің осы Шарттың немесе заңнаманың талаптарын бұзғанын растайтын белгілердің болуы, т.б.) Қызметтерді ұсынудан бас тартуға құқылы. Мұндай жағдайда Оператор ажыратқаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Клиентке ажырату себептері туралы

электрондық пошта арқылы жазбаша хабарлауға міндетті.

3.1.7. Клиент осы Шартта көзделген сомалардың төлемін мерзімінен 5 (бес) жұмыс күнінен артық уақытқа кешіктірсе, Оператор қызмет көрсетуді тоқтатуға және Клиентті Техникалық шешімнен ажыратуға құқылы.

3.1.8. Жоспарлы профилактикалық немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігіне байланысты Оператор қызмет көрсетуді тоқтатып, Клиентті Техникалық шешімнен уақытша ажыратуға құқылы. Мұндай жағдайда Оператор Клиентке ажыратудан 5 (бес) жұмыс күні бұрын жазбаша немесе электрондық пошта арқылы хабарлауға міндетті.

3.1.9. Мемлекеттік органдардың немесе тиісті өкілетті мемлекеттік орган тиісті Сәйкестендіргішті берген үшінші тұлғалардың талабына байланысты немесе Сәйкестендіргішке қызмет көрсету техникалық тұрғыдан мүмкін емес жағдайда, мемлекеттік орган басқа мерзімді белгімеген болса, Клиентке 5 (бес) жұмыс күні бұрын уақыттан кешікпей, хабарлап, Клиентке орнына қосымша ақысыз сол санаттың басқа Сәйкестендіргішін ұсынып, Оператор өз қалауы бойынша кез келген Сәйкестендіргішті ұсынуды және қызмет көрсетуді тоқтатуға құқылы. Клиент жаңадан берілген Сәйкестендіргішті пайдаланудан бас тартқан жағдайда, оператор бірарапты тәртіпте Шартты толығымен бұзуға және бір немесе бірнеше Сәйкестендіргіш бойынша Телекоммуникациялық қызметтерді ұсынуды тоқтатуға құқылы

3.1.10. Оператор тиісті ақпаратты Оператордың сайтына орналастырып және осындай өзгерістер күшіне енген күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын Клиентті хабардар ете отырып, Телекоммуникациялық қызметтерге ақы төлеу тәртібін және құнын өзгертуге құқылы. Осындай өзгерістер күшіне енгеннен кейін Клиенттің Телекоммуникациялық қызметтерді іс жүзінде пайдалануы Клиенттің өзгерген талаптармен мүлтіксіз келісуі болып табылады. Егер Клиент жаңа талаптармен келіспесе, ол Оператор белгілеген нысан бойынша өзгерістер күшіне енгенге дейін Шартты бұзу туралы Операторды жазбаша хабардар етуге міндетті.

3.1.11. Оператор Сервисті өз абоненттері арасында жылжыту және оларды байланыс қызметтерін пайдалануға ынталандыру мақсатында Сәйкестендіргіш пен Клиент қызметі туралы ақпаратты өзінің ресми интернет-ресурсында, сондай-ақ жарнамалық материалдар мен коммуникацияларда орналастыруға құқылы.

3.1.12. Оператор Клиенттің 6 ай бойы пайдаланбаған сандық сәйкестендіргіштерін бір жақты тәртіпте бұғаттап, оларды басқа Клиенттің пайдалануына беруге құқылы.

## **3.2. Клиенттің құқықтары мен міндеттері:**

3.2.1. Клиент Оператор көрсеткен Телекоммуникациялық қызметтердің төлемін уақтылы және толық көлемде төлеуге міндетті.

3.2.2. Клиент 3 (үш) жұмыс күні ішінде Операторды деректемелерінің өзгергені туралы кейіннен растай отырып, жазбаша нысанда не электрондық пошта арқылы хабардар етуге міндетті.

3.2.3. Клиент Оператордың талаптарына сәйкес келетін және Оператордың байланыс желісіне тиісті түрде қорғалған қосылуын қамтамасыз етуге және кепілдік беруге міндеттенеді, сондай-ақ осы Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде Техникалық шешімді пайдалану бойынша көрсетілген талаптарды сақтауға міндеттенеді.

3.2.4. Қызметті қосу үшін Клиент қосылыс үшін қажет барлық техникалық деректерді көрсете отырып, белгіленген үлгідегі жазбаша нысандағы өтінішті Операторға беруге міндеттенеді.

3.2.5. Клиент Операторға Сервисті Техникалық шешімге қосу басталғанға дейін 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Оператор өзінің ресми интернет ресурсында және/немесе өзінің жарнамалық материалдары мен коммуникацияларында орналастыруға құқылы болатын Сервис туралы дұрыс, шынайы және толық ақпаратты жазбаша түрде ұсынуға тиіс. Клиент Сервисті және/немесе Контентті өзгерту немесе толықтыру туралы немесе Сәйкестендіргіштерді ұсыну шарттарын өзгерту қажеттілігі туралы Операторға 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабарлауға міндетті.

3.2.6. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Пайдаланушыларға Сервисті ұсыну үшін лицензиялар, рұқсаттар, патенттер қажет болса, Клиент қажетті лицензияларды, рұқсаттарды, патенттерді лицензия беретін мемлекеттік немесе басқа өкілетті органдардан өз бетімен алуға міндетті, ал олар болмаса, Клиент Операторға бақылау-қадағалау органдары тарапынан және үшінші тараптардан қойылатын барлық кінәрат-талаптарды өз бетімен және өз

есебінен шешуге міндетті.

3.2.7. Пайдаланушыларға Сервисті ұсынылмағаны, Сервистің дұрыс көрсетілмегені немесе қызметтің ұсынылмағаны туралы Оператордан сұраным түскен жағдайда Клиент Операторға ағымдағы жұмыс күнінен кешіктірмей сұраныстың өңдеуге қабылданғанын растап, сонымен қатар 5 (бес) жұмыс күні ішінде сұранымды мәнісі бойынша шешіп, қорытынды жауабын беруге міндетті.

3.2.8. Клиент Телекоммуникациялық қызметтерді ұсынудың барлық мәселелері бойынша түсініктеме алу үшін Операторға [email@kcell.kz](mailto:email@kcell.kz) электрондық мекенжайы арқылы жүгінуге құқылы.

#### **4. Құны және есеп айырысу тәртібі**

4.1. Телекоммуникациялық қызметтердің құны Оператордың тарифтерімен айқындалады және оның сайтында орналастырылады.

4.2. Телекоммуникациялық қызметтердің құны Сәйкестендіргіштерді ұсынудың Бір жолғы төлемінен, Сәйкестендіргіштерге қызмет көрсету бойынша Оператордың қызметтерінің құнынан және Пайдаланушыларға Сервиске қолжеткізуді ұсыну бойынша Оператордың қызметтерінің құнынан тұрады

4.3. Егер Тараптар басқалай келіспесе, сәйкестендіргіштерді ұсынудың төлемін Клиент Оператордан шот-фактура мен орындалған жұмыстар актісін алған күннен бастап шот-фактура нөмірін міндетті түрде көрсете отырып 10 (он) банк күні ішінде төлейді.

4.4. Ұсынылатын Сәйкестендіргіштердің саны көбейгенде Клиент әр жаңадан ұсынылатын Сәйкестендіргіштің құнын Оператордан шот-фактураны алған күннен бастап, 10 (он) жұмыс күні ішінде төлейді

4.5. Оператордың биллинг деректері тараптар арасындағы өзара есеп айырысулар үшін негіз болып табылады.

4.6. Оператор көрсетілген қызметтер көлемінің ай сайынғы есебін жүргізеді және оны орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісінде (бұдан әрі - мәтіні бойынша АКТ) және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес [www.esf.gov.kz](http://www.esf.gov.kz) мемлекеттік порталындағы «Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесінде (ЭШФ АЖ) ұсынылатын электрондық шот-фактураларда келесі айдың 15 (он бесінші) күнінен кешіктірмей көрсетеді. Оператор орындалған жұмыстар актісін клиентке екі данада жібереді. Клиент Актіні Оператордан алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған өз тарапынан қол қояды және бір данасын Операторға қайтарады.

4.7. Тараптардың есептік деректерінде 5% -дан кем айырмашылық туындаған жағдайда есеп айырысулар реттелген болып есептелді және есеп айырысу көлемі ретінде Оператордың мәліметтері қабылданады

4.8. Тараптардың есептік деректерінде 5% -дан астам алшақтықтар анықталған жағдайда Тараптар туындаған келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен реттейді. Электрондық шот-фактура бойынша шағымдарды, ескертулерді және нақтылауларды Оператор оларды төлем мерзімі аяқталғанға дейін Клиент Оператордың атына Сервис бойынша егжей-тегжейлі есепті қоса бере отырып, тапсыру туралы хабарламасы бар тапсырыс хатпен жіберген жағдайда ғана қарайды. Шағымды жіберу Клиентті электрондық шот-фактурада көрсетілген толық соманы төлеу міндетінен босатпайды. Оператордың Клиенттің талап арызымен келіскен жағдайында, Тараптар Актіге кейіннен түзетілген электрондық шот-фактураны ұсынумен келісілген өзгеріс енгізеді.

4.9. Оператор Клиенттен қарсылықтармен және жоғарыда көрсетілген мерзімдерде шағым және нақтыланған есепті алмаған жағдайда, Қызметтер Клиент толық көлемде ұсынған және қабылдаған болып есептеледі.

4.10. Оператор Клиенттен жоғарыда белгіленген мерзімде қарсылық білдірілген талап арызды және толық есепті алмаған жағдайда Қызметтер толық көлемде көрсетілген және Клиент оларды қабылдаған болып есептеледі.

4.11. Клиент Телекоммуникациялық қызметтерге ақы төлеуді осы Шарттың 4.3 және 4.12-тармақтарында көзделген жағдайларды қоспағанда, төлем жүргізілетін шот-фактураның нөмірін міндетті түрде көрсете отырып, Есепті кезеңнен кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей жүргізеді.

4.13. Егер Оператор Клиенттен осы Шарттың 9 бөлімімен ескерілген жағдайларда айыппұл төлеуді талап етсе, осындай айыппұлды Клиент Оператордан тұрақсыздық айыбының есебі бар шағым хатын алған күннен бастап 10 (он) банктік күн ішінде төлеуге міндетті.

4.14. Есеп айырысу шарттары мен тәртібін Оператор Клиентті алдын ала (10 жұмыс күні бұрын) ресми хатпен немесе Клиенттің мекенжайына электрондық пошта арқылы хабардар ете отырып өзгерте алады.

## **5. Сервистің және/немесе Контенттің мазмұны**

5.1. Клиент Пайдаланушыға арналған мәтіндерді/ақпаратты/Контентті құрастырғанда, моральдық-этикалық сипаттағы жалпы қабылданған нормаларды сақтауға міндетті.

5.2. Клиент Сервис аясында ұсынылатын ақпараттың мазмұны осы Шарттың және Қосымшалардың шарттарына сай келетініне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтініне кепілдік береді. Егер Клиент Сервисте ұсынатын ақпараттың мазмұны Шартқа және/немесе қолданыстағы заңнамаға сәйкес келмесе, Оператор тұтастай алғанда, сондай-ақ олардың тиісті бөлігінде де Клиентке Телекоммуникациялық қызметтерді ұсынуды тоқтата тұруға құқылы.

5.3. Егер Операторға Сервистегі ақпараттың мазмұны бойынша үшінші тұлғалар кінәрат-талаптар/талап-арыздар берсе, Клиент осындай кінәрат-талаптар/талап-арыздарды өз бетімен реттеу және заңды шығындарды қоса, барлық ілеспе шығындарды өз бетімен төлеу тиіс. Талап арыздар туралы хабарлама алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Оператор Клиентке осы тармақта көрсетілген кез келген талап арыздар туралы жазбаша түрде хабарлайды.

5.4. Егер осы Шарт қағидаларына қарамастан, Оператор үшінші тұлғалардың, бірақ шектелместен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының алдында Сервистің мазмұны үшін дербес түрде жауапты болса, Клиент Оператордан алынған шот негізінде 10 (он) жұмыс күні ішінде, осындай үшінші тұлғалардың келтірген кінәрат-талаптары мен шағымдарына байланысты Оператор келтірген және құжаттай расталған барлық шығындар мен залалдарды Операторға өтеуге міндетті болады.

## **6. Маркетинг**

6.1. Оператордың өкілетті қызметкерімен электрондық пошта арқылы алдын ала келісе отырып қана, Клиент Сервиске байланысты Оператордың тауар таңбасы мен өнімдерінің атауларын кез келген электрондық және баспа БАҚ-та және де өзінің маркетингтік материалдарында (сыртқы жарнама, парақшалар, буклеттер, т.б.) атай алады.

6.2. Клиент Пайдаланушылар үшін түсінікті жолмен барлық жарнамалық және ақпараттық материалдарда Пайдаланушыларға Сервиске қатысты толық ақпаратты ұсынуға міндетті. Жоғарыда аталған барлық ақпарат оңай қол жеткізуге болатын формада және Пайдаланушының Сервисті пайдалануына дейін Сервис шарттарымен таныса алатын жолмен ұсынылуы тиіс.

6.3. Клиент Сервис бойынша барлық маркетингтік шараларды өз бетінше және оның есебінен жүргізеді.

6.4. Оператор Пайдаланушылар үшін орналастыратын өзінің ақпараттық материалдарында Сервистің атауын атауға құқылы. Оператор Клиенттің уәкілетті қызметкерімен электрондық почтамен алдын ала келісімдеу арқылы Сервиске қатысты Клиенттің тауар белгілерін пайдалануға, сондай-ақ міндетті түрде Клиентті көрсете отырып, Клиент, Сервис туралы ақпаратты, мысалы пайдаланушыларға арналған бюллетеньдерде немесе Оператордың немесе үшінші тараптың WEB-сайттарында орналастыруға құқылы.

## **7. Зияткерлік меншік құқықтарын сақтау кепілдігі**

7.1. Осымен Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындағанда, бір біріне қатысты да, үшінші тұлғаларға қатысты да, зияткерлік меншік құқықтарын бұзбауға кепілдік береді.

7.2. Егер Клиент Пайдаланушыларға Сервисті зияткерлік меншік нысандарын, соның ішінде авторлық құқық немесе сабақтас құқықтардың нысандарын пайдаланып, ұсынса, онда Клиент құқық иегері/авторы мен Клиент арасында тиісінше жасалған лицензиялық келісімдерді, авторлық шарттарды, рұқсаттарды қоса және олармен шектелмей, барлық қажетті құқықтары бар екендігіне кепілдік береді. Клиент аталған тұлғалардың алдында авторлық сыйақыларды төлеуді

қоса, жауапкершілікті өз бетімен көтереді.

7.3. Осы Шарттың ережелеріне қарамастан, Клиент үшінші тұлғалардың авторлық немесе сабақтас құқықтарын қоса, зияткерлік меншік құқығын бұзса, Клиент олардың алдында өз бетімен жауап береді.

7.4. Егер Операторға зияткерлік меншік нысандарына және/немесе авторлық құқық немесе сабақтас құқық нысандарына қатысты кінәрат-талаптар/талап-арыздар қойылса, Клиент осындай кінәрат-талаптар/талап-арыздарды өз бетімен реттеуге және егер шығындар болса, Операторға материалдық залал мен шығындарды өтеуге міндетті. Оператор, өз кезегінде, тиісті кінәрат-талаптар туралы Клиентке 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті.

## **8. Құпиялылық**

8.1. «Құпия ақпарат» термині осы Шартты жасау және орындау барысында белгілі болған, техникалық, қаржы, коммерциялық мәліметтерді, банк құпиясын, ноу-хау және Оператор мен Клиенттің, олардың контрагенттерінің қызметіне қатысты және жалпыға қолжетімді емес басқа мәліметтерді шектеусіз қамтиды.

8.2. Оператор арқылы Пайдаланушының Клиентке беретін ақпараты, Пайдаланушы туралы деректер (Пайдаланушы туралы деректер, абоненттік нөмірі, сәйкестендіру коды, электрондық почта мекенжайы, почталық мекенжай, төлқұжат деректері, Пайдаланушыға ұсынылатын Сервистер туралы деректер және т.б.) құпия ақпаратқа жатады және Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының талаптарына сәйкес алынған Пайдаланушының келісімі болған кезде ғана ұсынылады.

8.3. Әрбір Тарап осы Шартты жасағанда және/немесе орындағанда өзіне қолжетімді немесе қолжеткізе алатын екінші Тараптың құпия ақпаратын үшінші тұлғаларға заңнамада көзделген жағдайлардан басқа кезде, екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз жарияламауға және/немесе басқалай ұсынбауға міндетті.

8.4. Жалпыға қолжетімді, ресми көзден алынған ақпарат құпия болып есептелмейді.

8.5. Тараптардың жазбаша келісімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда ғана, осы Шарттың жарамдылық мерзімі ішінде және Шарттың күші тоқтағаннан кейін, 5 (бес) жыл ішінде құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беру, жариялау немесе басқалай ашуға болады.

8.6. Материалдық тасымалдауышпен берілген барлық құпия сипаттағы мәліметтер «құпия ақпарат», «құпия» немесе тағы басқа белгімен белгіленген болу тиіс.

8.7. Құпия ақпарат пен коммерциялық құпия Тараптардың осы Шартты орындауға тікелей қатысатын жұмыскерлеріне ғана жария етіледі.

8.8. Құпиялық туралы шарттарды бұзған Тарап Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

8.9. Клиент өзі және осы Шарт талаптары туралы ақпараттың Оператор мен оның аффилиирленген тұлғаларына, сондай-ақ соның ішінде, бірақ олармен шектелместен, жұмыскерлерге, мердігерлерге, консультанттарға, қызметтердің, атап айтқанда, бағдарламалық қамтамасыздандыру және ІТ жүйелер қызметтерінің провайдерлеріне ашып көрсетілуіне өз келісімін береді.

## **9. Тараптардың жауапкершілігі**

9.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Шартқа сәйкес жауапты болады.

9.2. Оператор Клиент және/немесе үшінші тұлғалар алдында тікелей немесе жанама шығындар үшін, соның ішінде Биллингтің және/немесе Оператордың басқа жабдықтарының техникалық ақаулары болған жағдайда және нәтижесінде телекоммуникациялық қызметтерді ұсынудың мүмкін еместігі жағдайында жауапты болмайды. Оператор Клиенттің немесе Пайдаланушының дауыстық қоңыраулардың жіберілмеуіне немесе қабылданбауына жауап бермейді.

9.3. Клиент төлем мерзімдерін сақтамаған жағдайда Оператор төлемді кешіктірген әрбір күн үшін шот-фактура сомасының 0,1% мөлшерінде айыппұлды өндіріп алуға құқылы, бірақ айыппұл сомасы қарыз сомасынан 10% -дан аспайды.

9.4. Оператордың құжатпен дәлелденген кінәлі іс-әрекеттерінің салдарынан Телекоммуникациялық қызметтерді көрсетуден бас тартқан/ұсынбаған жағдайда Клиент

Оператордан есепті кезеңде төленуге жататын ақша қаражаты сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ көрсетілген соманың 10% -ынан аспайтын өсімпұл өндіріп алуға құқылы.

9.5. Оператор Клиенттен келесі бұзушылықтардың салдарынан Операторға келтірілген және құжат жүзінде расталған зиян үшін Клиенттен өтемақы талап етуге құқылы:

а) Шарт талаптарына сәйкес Техникалық шешімді пайдалану міндеттемесін бұзу (Шарттың 3.2.2 тармағы);

б) Сервисті заңнамаға сәйкес қажетті лицензиялар, рұқсаттар, патенттерсіз ұсыну (Шарттың 3.2.5 тармағы);

с) Сервисті және/немесе Контентті ұсыну шарттарын бұзу (келісімнің 5.2 тармағы);

г) Сервис туралы толық және шынайы ақпарат беру міндеттемесін бұзу (Шарттың 6.2 және 3.2.5 тармағы); 7.3.

д) зияткерлік меншік, авторлық құқық немесе үшінші тұлғалардың сабақтас құқықтарын бұзу (Шарттың 7.2 тармағы);

е) құпиялылық шарттарын бұзу (Шарттың 8.2 және 8.3 тармақтары).

9.6. Клиент тарапынан жоғарыда көрсетілген бұзушылықтар болған жағдайда Оператор қызмет көрсетуді тоқтата тұруға және Клиент тарапынан жоғарыда көрсетілген бұзушылықтар жойылғанға және/немесе нақты залалды өтегенге дейін Клиентті Техникалық шешімнен уақытша ажыратуға құқылы.

## **10. Форс-мажор жағдайлары**

10.1. Тараптар осы Шартты жасағаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш жағдайлары салдарынан болған және Тараптар болжай немесе алдын ала алмаған, осы Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Осы Шартта көрсетілген жағдайлар табиғи апат құбылыстарын (жер сілкінісі, су тасқыны, өрт, тайфун, т.б.), әскери іс-әрекеттерді, жаппай ауруларды (эпидемия), жалпы қолданатын байланыс телефон желілерінде және Интернет желілерінде апаттарды және Тараптарға байланысты емес (алдын алуға және болжауға болмайтын) басқа жағдайларды білдіреді.

10.2. Осы Шарттың 10.1 тармағында көрсетілген жағдайлар орын алған жағдайында әр Тарап осы жағдайлар туралы екінші Тарапқа кідірмей, жазбаша хабарлауы тиіс. Хабарлама жағдайлардың сипаты туралы деректерді қамтуы тиіс. Осы Шарттың 10.1 тармағында көрсетілген жағдайлар орын алғаны өкілетті ұйымның құжатымен расталуы тиіс.

10.3. Осы Шарттың 10.1 тармағында көзделген жағдайлар орын алған жағдайда Тараптың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындау мерзімі осы жағдайлар әрекет ететін мерзімге тең уақытқа тоқтатылады.

10.4. Егер осы Шарттың 10.1 тармағында аталған жағдайлар мен олардың салдары 2 (екі) айдан астам әрекет етуді жалғастырса, Тараптар осы Шартты орындаудың қолдануға болатын балама амалдарын анықтау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді.

10.5. Еңсерілмейтін күш жағдайларының туындағаны себепті осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны туралы хабарламаған немесе уақтылы хабарламаған Тараптың, осы жағдайларға тікелей байланысты хабарламаған немесе уақтылы хабарламаған жағдайлардан басқа кезде, әрі қарай осы жағдайларға сілтеме жасауға құқысы жоқ.

## **11. Дауларды реттеу**

11.1. Осы Шарт бойынша немесе оған байланысты Тараптардың дауларын Тараптар келіссөздер арқылы шешеді, ал келісімге келмеген жағдайда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Оператордың орналасқан жеріндегі Қазақстан Республикасының сот органдарында қарастырылады.

11.2. Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дауларды сот органдарында шешуді қоса, электронды түрде және/немесе қағаз жүзінде берілген ақпаратты даулар мен келіспеушіліктерді шешу үшін дәлел ретінде тануға келіседі.

## **12. Ерекше шарттар**

12.1. Оператор Сервисті ұсынуға қатысты негізгі сұрақтар бойынша Пайдаланушыларға ақпарат

бере алады немесе Пайдаланушылардан түскен сұрақтарды Клиентке жібере алады, мұндай жағдайда Клиент сұралған ақпаратты Пайдаланушыға және/немесе Операторға 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынуға міндетті.

12.2. Клиент Операторды Сервисті ұсынудағы кез келген ақаулар туралы дереу хабардар етуге және оларды шешуге, сондай-ақ теріс сипаттағы ықтимал салдарларды болдырмауға немесе барынша азайтуға белсенді қатысуға міндетті.

### **13. Шарттың әрекет етуі**

13.1. Осы Шарт Клиент Тіркеу нысанына қол қойған кезден бастап күшіне енеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе осы Шарт талаптарына сәйкес ол тоқтатылғанға дейін әрекет етеді. Осы Шартты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша немесе Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын бұзуға болады.

13.2. Осы Шарт Тараптардың бірінің бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе осы Шарттың талаптарына сәйкес бұзылуы мүмкін, бұл ретте Оператор Клиентке осы Шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы Клиент Техникалық шешімнен ажыратылған және Шарт бұзылған күнге дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабарлама жіберуге міндетті. Клиент бұзу туралы жазбаша өтініш жібере отырып, осы Шартты кез келген уақытта бұзуға құқылы. Осы Шартты бұзу күні Клиенттің өтінішінде көрсетіледі не Тараптардың қосымша келісімімен белгіленеді. Осы Шартты бұзу рәсімі Тараптардың Бұзу туралы келісімге қол қоюымен аяқталады.

13.3. Осы Шартқа барлық қосымшалар мен қосымша келісімдер оның ажырамас бөлігі болып табылады. Осы Шарттың немесе оның қосымшалары мен қосымша келісімдерінің кез келген бөлігінің күшін жойғандығы немесе орындалмайтындығы оның басқа бөліктерінің күшін жоюына немесе орындалмайтынына алып келмейді.

13.4. Осы Шартқа қатысты барлық Клиент өтінімдері және басқа да құжаттар оның ажырамас бөліктері болып табылады. Осы Шарттың қандай да бір бөлігінің жарамсыздығы немесе оны орындау мүмкінсіздігі оның басқа бөліктерінің жарамсыздығына немесе орындау мүмкінсіздігіне әкелмейді.

13.5. Осы Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Оператордың <https://b2b.kcell.kz/ru/article/freephone> сайтында жарияланады.

13.6. Осы Шартта көрініс таппаған барлық басқа сұрақтар бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

13.7. Тараптар кез келген хабарламаларды, наразылықтарды, хаттар мен хабарларды, оның ішінде егер мұндай құжаттар Шартта көрсетілген Тараптың электрондық поштасына жіберілсе, тиісті түрде екінші Тарапқа жіберілген және жеткізілген ретінде қарайды.

13.8. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды. Әр түрлі оқылған жағдайда орыс тіліндегі нұсқаның басым күші болады.